

## Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылға арналған стипендиясын жоғары оқу орындары арасында бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 13 сәуірдегі № 268 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 17 мамырда № 13713 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы № 1134 қаулысының 4-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылға арналған стипендиясын жоғары оқу орындары арасында бөлу бекітілсін.

2. Жоғары оқу орындарының ректорлары Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын студенттер мен магистранттарға жоғары оқу орындарының ғылыми кеңестерінің шешімдері негізінде тағайындасын.

3. Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім және халықаралық ынтымақтастық департаменті (С. Өмірбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Экономика және қаржы департаменті (А. Өтешова) көрсетілген стипендияны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте қарастырылған қаражаттар шегінде 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап төлеуді жүзеге асырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы**  
**Б і л і м                      ж ә н е                      ғ ы л ы м                      м и н и с т р і н і ң**  
**м і н д е т і н а т қ а р у ш ы                      Е. Иманғалиев**

**Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы**  
**Б і л і м                      ж ә н е                      ғ ы л ы м                      м и н и с т р і н і ң**  
**2 0 1 6                      ж ы л ғ ы                      1 3                      с ә у і р д е г і**  
№ 268 бұйрығымен бекітілген

### **Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылға арналған стипендиясын жоғары оқу орындары арасында бөлу**

№	Жоғары оқу орнының атауы	Стипендия	
		студенттерге	магистранттарға
1	Азаматтық авиация академиясы	6	
2	Көкше Академиясы	2	
3	О.А. Джолдасбеков атындағы Экономика және құқық академиясы	1	
4	«Қайнар» Академиясы	1	
5	Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті	28	
6	С. Баишев атындағы Ақтөбе университеті	8	
7	Алматы экономика және статистика академиясы	2	
8	Алматы технологиялық университеті	24	
9	Алматы энергетика және байланыс университеті	14	
10	Алматы менеджмент университеті	9	
11	Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты	5	
12	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	13	
13	Атырау инженерлік-гуманитарлық институты	3	
14	Атырау мұнай және газ институты	10	
15	Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті	14	
16	С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті	10	

17	Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті	16	
18	«Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты	2	
19	Д.А. Қонаев атындағы Еуразия заң академиясы	1	
20	Еуразия гуманитарлық институты	6	
21	Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	65	2
22	Еуразия технологиялық университет	2	
23	«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	2	
24	К. Сатпаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты	2	
25	О.А. Байқоныров атындағы Жезқазған университеті	5	
26	І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	12	
28	Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті	15	
29	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	5	
30	Инновациялық Еуразиялық университеті	3	
31	Л. Б. Гончаров атындағы Қазақ Автомобиль-жол академиясы	1	
32	М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы	5	
36	Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті	15	
37	Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті	5	
38	Қазақ гуманитарлық заң университеті	18	
39	Қазақ инновациялық университеті	2	
41	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті	24	1
42	Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті	45	2
43	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	63	2
45	Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті	18	
46	Қазақ жол қатынастары университеті	2	
47	Қазақ-Ресей халықаралық университеті	2	
48	Қазақ спорт және туризм академиясы	7	

49	Қазақ инженерлік-технологиялық университеті	1	
50	Қазақстан инженерлік-педагогикалық халықтар достығы университет	5	
51	Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті	5	
52	Қазақ технологиялар және бизнес университеті	5	
53	Қазақстан экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті	7	
54	Қазақстан – Американдық еркін университеті	1	
55	Қазақстан – Британ техникалық университеті	6	
56	Қарағанды мемлекеттік индустриалды университеті	2	
57	Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті	28	
58	Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті	28	
59	Қазақтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті	9	
60	Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технология және инжиниринг университеті	8	
61	Каспий қоғамдық университеті	2	
62	Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті	10	
63	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	3	
64	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	9	
65	А. Байтұрсынов Қостанай мемлекеттік университеті	11	
66	Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-педагогикалық университеті	2	
67	Академик Зұлхарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті	2	
68	Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті	14	
69	Маңғыстау гуманитарлық-техникалық университеті	1	
70	Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті	2	
71	Х.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті	15	

72	Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті	7	
73	Халықаралық білім беру корпорациясы	11	
74	"Нархоз" университеті	12	
75	Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты	9	
76	С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті	17	
77	Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті	2	
78	Рудный индустриалды институты	3	
79	Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	10	
80	Тараз мемлекеттік педагогикалық институты	15	
81	М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті	28	
82	Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті	5	
83	«КИМЭП» университеті	5	
84	«Астана» университеті	2	
85	«Болашақ» университеті	3	
86	«Мирас» университеті	3	
87	«Сырдария» университеті	2	
88	«Тұран» университеті	5	
89	Алматы университеті	3	
90	Сүлейман Демирель атындағы университет	9	
91	Шет тілдер және іскерлік карьера университеті	2	
92	Халықаралық бизнес университеті	2	
93	Тұран-Астана университеті	3	
94	Орталық Азия университеті	3	
95	Орталық Қазақстан академиясы	2	
96	Шымкент университеті	2	
97	Мардан Сапарбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институты	2	
98	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты	7	
99	М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	53	
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>896</b>	<b>7</b>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК